

## **2018 жылдың 11 айы бойынша прокуратура органдарында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыстың қорытындысы туралы**

2018 жылдың 11 айында Қазақстан Республикасының прокуратурасы органдарында 220 029 жеке және заңды тұлғадан өтініш келіп түсті.

Келіп түскен өтініштердің жалпы санының 183 408-зі немесе 83% қаралды, оның ішінде 99 599-зі шешімін тапты немесе қаралған өтініштердің жалпы санының 54%-ын құрады.

Шешімін тапқан өтініштердің жалпы санының - 20 946-сі немесе 21% қанағаттандырылды, 17 682 өтініш немесе 18% қанағаттандырусыз қалдырылды, 60 971 өтінішке немесе 61%-ы бойынша заң түсіндірмелері берілді.

Прокуратура органдары өтініштерді қарау нәтижелері бойынша 306 прокурорлық қадағалау актісін енгізді, тәртіптік жауаптылыққа - 160, әкімшілік жауаптылыққа -10 лауазымды тұлға тартылды.

Прокуратура органдарының қызметкерлері жеке қабылдауға 68749, олардың ішінде тікелей басшылар 31 506 азамат пен заңды тұлға өкілін қабылдады.

Бас прокуратураның Call-орталығына тегін 115 нөмірі бойынша жеке тұлғалардан және заңды тұлғалардың өкілдерінен 106 мыңнан астам қоңырау келіп түсті.

Call-орталықтың құзырына кіретін мәселелер бойынша 162 өтініш тіркелді.

Өткен жылы Call-орталығына келіп түскен өтініштер бойынша прокурорлар қабылдаған шаралар, сондай-ақ, жалақы және басқа да төлемдер бойынша 73 млн. теңгеден астам сомадағы берешектер өтелді.

2018 жылдың 11 айында прокуратура органдарына «Электронды үкімет» порталы арқылы 33 278 электронды өтініш келіп түсті.

**Source URL:** <http://blog.astana.prokuror.kz/eng/node/114337>